

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**«Балабақша-мектеп-колледж-жоғарғы оқу орны» жүйесіндегі
мемлекеттік тілді деңгейлік үздіксіз оқыту стандартын
пайдалану мониторингі**

Талдамалық анықтама

**Мониторинг применения Стандарта непрерывного уровневоего
обучения государственному языку в системе «детский сад-школа-
колледж-вуз»**

Аналитическая справка

Астана
2016

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2016 жылғы 17 маусымдағы №5 хаттама).

«Балабақша-мектеп-колледж-жоғарғы оқу орны» жүйесіндегі мемлекеттік тілді деңгейлік үздіксіз оқыту стандартын пайдалану мониторингі. Талдамалық анықтама. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 43 б.

Рекомендовано к изданию решением ученого совета Национальной академии образования им. И.Алтынсарина (протокол №5 от 17 июня 2016 г.).

Мониторинг применения Стандарта непрерывного уровневого обучения государственному языку в системе «детский сад-школа-колледж-вуз». Аналитическая справка. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2016. – 44 с.

Осы жұмыста «Балабақша-мектеп-колледж-жоғарғы оқу орны» жүйесінде мемлекеттік тілді деңгейлік үздіксіз оқыту стандартын пайдалануға жүргізілген мониторинг қорытындысы көрсетілген.

Мұнда осы стандарт негізінде әзірленген, 2015-2016 оқу жылында республиканың 41 мектебінде өткізілген қазақ тілі бойынша деңгейлік оқулықтарды апробациялау нәтижелері ұсынылған.

Жұмыс қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту әдістемесі саласының барлық мамандарына, білім беру басқармаларының басшыларына, әкімшілік органдарының қызметкерлеріне арналған.

В настоящей работе отражены итоги мониторинга применения Стандарта непрерывного уровневого обучения государственному языку в системе «детский сад – школа – колледж– вуз».

Здесь же представлены результаты апробации уровневых учебников по казахскому языку, разработанных в соответствии с данным стандартом, проведенной в 2015-2016 учебном году в 41 школе республики.

Работа адресована всем специалистам в области методики преподавания казахского языка как государственного, руководителям управлений образования, работникам административных органов.

Кіріспе

Білім беру саласында қазақ тілін дамыту, білім сапасын арттыру міндеттері – қазіргі кезде қоғамның назарында тұрған өзекті мәселелердің бірі.

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысымен бекітілген Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес «Қазақ тілі» пәні бойынша «Шет тілдерін деңгейлеп меңгертудің еуропалық жүйесіне» негізделіп 1-11-сыныптарға деңгейлік оқу бағдарламалары әзірленді және ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітіліп, 2013-2014 оқу жылында қолданысқа енгізілді.

Аталған оқу бағдарламасында тілді игерудің деңгейлері мен олардың сипаттарының негізінде қазақ тілді емес мектептерде қазақ тілін үйретудің деңгейлері айқындалды.

2014 жылы мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ету мақсатында «Балабақша – мектеп – колледж – жоғары оқу орны» жүйесіндегі мемлекеттік тілді деңгейлік үздіксіз оқыту стандарты (бұдан әрі - Стандарт) әзірленіп, ҚР Білім және ғылым министрімен 2014 жылғы 17 қарашада бекітілді.

Стандарт еуропалық деңгейлер жүйесіне сәйкес тілді меңгертудің алты деңгейінен тұрады:

A1 деңгейі қарапайым;

A2 – негізгі;

B1 – орта;

B2 – ортадан жоғары;

C1, C2 – жетік деңгейлермен анықталған.

Оқушылардың білім, білік, дағдылары орта мектеп жүйесінде тілді деңгейлік меңгерту ерекшеліктеріне сәйкестендіріліп, жіктелді.

Жалпы білім беретін қазақ тілді емес мектептерде «Қазақ тілі» пәні бойынша оқушылардың қазақ тілін білу деңгейлері мен сөйлеу дағдыларына қойылатын өлшемдер де осы Стандартта көрсетілген.

Қазақ тілін деңгейлер бойынша оқытудың күтілетін нәтижелері (1-11-сыныптар):

- қарапайым деңгейде бастапқы саты бойынша ауызекі тілде қазақша тілдік қатынасты меңгеруі тиісі;

- негізгі деңгейде өмірлік жағдаяттарда қазақ тілінде дұрыс сөйлеп, сауатты жаза білуі тиіс;

- орта деңгейде өз ойын еркін жеткізе біліп, сұрақ қойып, оған жауап беріп, әдеби тілді меңгеруі тиіс;

- ортадан жоғары деңгейде кәсіби бағдарлы бағытта, қоғамдық ортада, әртүрлі әлеуметтік жағдайларда тілдік қатынаста еркін игеруі тиіс.

Дегенмен, «Балабақша – мектеп – колледж – жоғары оқу орны» жүйесіндегі мемлекеттік тілді деңгейлік үздіксіз оқыту стандарты тек жалпы орта білім беру деңгейінде ғана қолданылды, мектепке дейінгі, кәсіптік орта, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі деңгейлерде қолданылған жоқ.

Осы орайда елімізде алғаш рет тілдерді меңгертудің еуропалық стандартын есепке ала отырып деңгейлік Стандарт пен оқу бағдарламалары негізінде оқыту қазақ тілінде емес мектептің 1-11-сыныптарына арналған **11** - «Қазақ тілі» пәнінің деңгейлік оқулықтары мен **45** оқу-әдістемелік кешендері (бұдан әрі - ОӘК) әзірленіп, «StudyInn» білім беру консалтингінің «Көкжиек-Горизонт» баспасында басылып шықты.

Деңгейлік оқулықтар мен ОӘК-тер педагогика ғылымдарының докторы, профессор Оразбаева Фаузия Шәмсиқызы басшылығымен тілші-ғалымдар, әдіскерлер, тәжірибелі мектеп мұғалімдері әзірледі. Оқулықтарды әзірлеуге ғалымдармен бірге оқыту қазақ тілді емес мектептердің практик мұғалімдері де қатысты.

Деңгейлік оқу бағдарламасы мен оқулықтардың мазмұны оқушылардың мемлекеттік тілде сөйлесім әрекетін мәдениетаралық қатысым құралы ретінде меңгертуді көздейді.

Осы оқулықтардың оқу бағдарламаларымен сәйкес келуіне байланысты ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрығымен оқыту қазақ тілінде емес мектептерде жүргізілетін 1-11-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Білім мазмұнында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстандық жол – 2050: Ортақ мақсат, ортақ мүдде, ортақ болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген мемлекеттің стратегиялық даму бағыттары мен «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асырудың басты тетігі ретінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мәселесіне басымдылық берілді.

Қазақ тілді емес мектептердегі «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасының сыныптар бойынша білім мазмұнына, оқу аяларының шеңберінде оқытылатын тақырыптарға берілген сағат сандарына өзгерістер енгізіліп, жаңа тақырыптармен толықтырылды.

1. Мониторингтің мақсаты мен міндеттері

ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 542 бұйрығына сәйкес 2015-2016 оқу жылында республикамыздың 41 мектебінде 1-11-сыныптарда деңгейлік оқулықтар мен ОӘК-тер апробациядан өткізілді. Бұл мектептердің 28-і – қалалық мектептер, 13-і – ауылдық мектептер болып табылады. Олардың ішінде 12 мектептің оқыту тілі аралас, 29-ының оқыту тілі орыс тілінде.

Апробацияның мақсаты – қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептердің 1-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілінің» деңгейлік оқулықтары мен ОӘК-тің тілдік білім сапасын арттыру мүмкіндіктерін, мектеп оқушыларына мемлекеттік тілді меңгертудегі тиімділігін, деңгейлік оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің мазмұнын зерделеу және осы оқулықтардың одан әрі іске асуына қолайлы жағдайларды айқындау.

Алғаш рет «Қазақ тілі» пәні бойынша біртұтас кешен түрінде дайындалған деңгейлік оқулықтардың білім мазмұнындағы, оқытудың әдістемелік жүйесіндегі жаңашылдықтар мен ерекшеліктерді тексеру және аталған кешеннің тіл үйретудің халықаралық стандарттармен сәйкесітігін анықтау, бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлерінде қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан меңгертуді үйрету, сондай-ақ коммуникативтік қабілеті дамыған дара тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау апробацияның басты міндеттерінің бірі болып табылады.

2. Мониторингтің инструментарийлері және технологиялық рәсімдері

Мониторинг жүргізу үшін кестелер әзірленді, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларына жіберіліп, мәліметтер алынды.

I. Жалпы мәліметтер

1-кесте. Апробацияға қатысушы мектептер туралы мәлімет.

№	Мектептің заңды атауы	Мекенжайы, электронды поштасы, байланыс телефоны	Мектеп директорының және орынбасарының ТАӘ	Апробацияға жауапты тұлғаның ТАӘ
1				
2				

Ескерту: Мәліметті Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми хатына сәйкес облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары жинақтап жіберді.

II. Экспериментпен қамтылған оқушылар туралы мәлімет

2-кесте. Эксперимент сыныптардағы оқушылардың саны туралы мәлімет (*әрбір сынып бойынша экспериментпен қамтылған сыныптағы оқушы саны көрсетіледі*)

Мектептер	Сыныптар											Барлығы
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	
Ақмола облысы												
№13 «Экос» МГ												
Бурабай ауд. №3 орта мектебі												
Ақтөбе облысы												
№26 орта мектебі												
Қарғалы ауд. №1 Бадамша орта мектебі												
Алматы облысы												
В.Терешкова атындағы ОМ												
Жамбыл атындағы ОМ												
Атырау облысы												
О.Сарғұнанов атындағы ОМ												
М.Ломоносов атындағы ОМ												
Батыс Қазақстан облысы												
№7 орта мектеп												
Дарынды балаларға арналған облыстық №8 мектеп												
Жамбыл облысы												
Тараз қаласы №40 орта мектеп												
Ғ.Мұратбаев атындағы МГ												
Қарағанды облысы												
№38 орта мектеп												

2-кестенің жалғасы											
Осакаровка №9 гимназия											
Қызылорда облысы											
№198 орта мектеп											
Арал ауданы №14 МЛ											
Қостанай облысы											
№7 орта мектеп											
М.Горький атындағы гимназия											
Ұзынкөл ауданы Троебрат ОМ											
Маңғыстау облысы											
№14 орта мектеп											
Жаңаөзен қаласы №3 ОМ											
Павлодар облысы											
№24 орта мектеп											
Успен ауданы №1 орта мектеп											
Солтүстік Қазақстан облысы											
№26 балабақша-мектеп											
Айыртау ауданы Имантау ОМ											
Оңтүстік Қазақстан облысы											
А.Пушкин атындағы №1 МГ											
Ю.Гагарин атындағы №16 МЛ											
Шығыс Қазақстан облысы											
Өскемен қаласы №24 МГ											
Ы.Алтынсарин атындағы ОМ											
Семей қаласы №6 МГ											
Семей қаласы №7 МЛ											
Астана қаласы											
№7 мектеп-гимназия											
№18 мектеп-лицей											
№31 мектеп-гимназия											
№53 мектеп-лицей											
№63 орта мектеп											
Алматы қаласы											
О.Жандосов атындағы №105 гимназия											
№52 орта мектеп											
№48 мектеп-лицей											
№130 гимназия											
№131 мектеп-лицей											
Барлығы											

Ескерту: «Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептердің 1-11- сыныптарына арналған қазақ тілінің деңгейлік оқулықтарын сынақтан өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 542 бұйрығына сәйкес әрбір параллельден 1 сыныптан алынғанын ескеру қажет.

III. Кадрмен қамтамасыз ету

3-кесте. Эксперимент сыныптардағы мұғалімдер туралы мәлімет

Облыс/қала	Мұғалімдер саны	Біліктілік санаты			
		І (%)	II (%)	III (%)	Санаты жоқ
Ақмола					
Алматы					
Ақтөбе					
Атырау					
Жамбыл					
Батыс Қазақстан					
Қарағанды					
Қостанай					
Қызылорда					
Маңғыстау					
Оңтүстік Қазақстан					
Павлодар					
Солтүстік Қазақстан					
Шығыс Қазақстан					
Алматы қаласы					
Астана қаласы					
Барлығы:					

Ескерту: Бұл кестеге эксперименттік сыныптарда жұмыс істейтін мұғалімдер туралы мәлімет жинақталды. Мәліметті экспериментке қатысушы мектептер жинақтап, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясына өңдеу үшін жіберді.

IV. Апробация қорытындылары

4-кесте. Тоқсандық қорытынды (әрбір тоқсан сайын эксперименттік мектептер толтырды, мектеп директорының қолымен және мөрімен расталды)

Облыстар	Сынып саны	Барлық оқушы	Қатысқан оқушылар саны	Тоқсандық баға				Сапа %	Үлгерім %
				«5»	«4»	«3»	«2»		
Астана қаласы									
Алматы қаласы									
Ақмола									
Ақтөбе									
Алматы									
Атырау									
Батыс Қазақстан									
Жамбыл									
Қарағанды									
Қызылорда									
Қостанай									
Маңғыстау									
Павлодар									

Солтүстік Қазақстан									
Оңтүстік Қазақстан									
Шығыс Қазақстан									
<i>Барлығы</i>									

5-кесте. Жылдық қорытынды

Облыстар	Сынып саны	Барлық оқушы	Қатысқан оқушылар саны	Жылдық баға				Сапа %	Үлгерім %
				«5»	«4»	«3»	«2»		
Астана қаласы									
Алматы қаласы									
Ақмола									
Ақтөбе									
Алматы									
Атырау									
Батыс Қазақстан									
Жамбыл									
Қарағанды									
Қызылорда									
Қостанай									
Маңғыстау									
Павлодар									
Солтүстік Қазақстан									
Оңтүстік Қазақстан									
Шығыс Қазақстан									
<i>Барлығы</i>									

6-кесте. Бақылау жұмыстарының қорытындылары

Облыстар	Сынып саны	Барлық оқушы	Қатысқан оқушылар саны	Бағалар				Сапа %	Үлгерім %
				«5»	«4»	«3»	«2»		
Астана қаласы									
Алматы қаласы									
Ақмола									
Ақтөбе									
Алматы									
Атырау									
Батыс Қазақстан									
Жамбыл									
Қарағанды									
Қызылорда									
Қостанай									

6-кестенің жалғасы									
Маңғыстау									
Павлодар									
Солтүстік Қазақстан									
Оңтүстік Қазақстан									
Шығыс Қазақстан									
Барлығы									

7-кесте. ОЖСБ қорытындысы (2015-2016 оқу жылында өткізілген Оқу жетістіктерін сырттай бағалау рәсіміне қатысу)

	Алматы облысы Панфилов ауданы Жамбыл атындағы орта мектеп			Ақтөбе қаласындағы № 26 орта мектеп			Петропавл қаласындағы № 26 мектеп- балабақша			Астана қаласындағы № 63 орта мектеп		
	бар лығы	қазақ	орыс	бар лығы	қазақ	орыс	бар лығы	қазақ	орыс	бар лығы	қазақ	орыс
Қатысушылар												
Жалпы орташа балл												
Пәндер бойынша												
Қазақ тілі												
Алгебра												
Қазақстан тарихы												
Дүниежүзі тарихы												
Химия												
Физика												
География												
Ағылшын тілі												
Биология												
Қазақ әдебиеті												
Орыс тілі												

Ескерту: ОЖСБ рәсіміне мектептерді іріктеу кезінде 41 эксперименттік мектептен тек 4 мектеп ғана қатысқан.

V. Ұйымдастыру жұмыстары

8-кесте. Оқыту қазақ тілді емес мектептердің 1-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің деңгейлік оқулықтары бойынша жұмыс жасап жатқан мұғалімдерге арналған On-line сауалнама

№	Сауалнама сұрағы	Болжамды жауаптары	Жауабы
1	Қазақ тілін деңгейлік оқыту барысында сабақты коммуникативтік- танымдық мақсат тұрғысынан жүзеге асыру үшін сөйлесім әрекетінің бес түрі іске қосылады. Сіздің ойыңызша, осы бес әрекеттің қайсысы барынша	1. Тыңдалым 2. Айтылым 3. Оқылым 4. Жазылым 5. Тілдесім 6. Барлығы	

	мемлекеттік тілді меңгертуге ықпал етеді?	7.	
2	Деңгейлік оқулықты практикада қолдануда туындайтын қиыншылықтар деңгейін анықтаңыз.	1. Сабаққа дайындықтың жетіспеушілігі 2. Педагогикалық таптаурын болған әдістерден арыла алмау 3. Тәжірибе алмасуға, білім көтеруге мүмкіндіктің жоқтығы	
3	Деңгейлік оқулықтармен жұмыс жасау барысында оқушылардың бойында қандай икемділіктер мен дағдыларды дамыта білдіңіз?	1. Тілдік коммуникация арқылы сөйлеуге үйрету 2. Тілді өз бетімен меңгеруіне мүмкіндік жасау 3. Тілді үйренуге деген ынтасын қалыптастыру	
4	Оқулықта берілген тапсырмалар жүйесі арқылы оқушылардың мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін анықтауға бола ма?	1. Иә, білім сапасы мен үлгерім оқушылардың басым бөлігінде көтерілді 2. Жоқ, білім сапасы мен үлгерім өзгерген жоқ немесе төмендеді 3. Білім сапасы мен үлгерім тек кейбір оқушыларда ғана көтерілді	
5	Сабақ тілдік қатынастың үш түрлі жолы арқылы іске асырылады, Сіз үшін қайсысы қолайлы деп ойлайсыз.	1. Жұптық жұмыс 2. Топтық жұмыс 3. Ұжымдық жұмыс 4. Ешқайсысы	
6	«Қазақ тілі» пәнінің деңгейлік оқулықтары оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал ете ме?	1. Иә, олардың сөздік қорын молайтып, сөйлеу дағдыларын жетілдіреді. 2. Жоқ, өйткені кейбір тапсырмалар деңгейлік тапсырмалардың талап-тарына сай келмейді. 3. Кейде, өйткені кейбір тапсырмалар оқушылардың жас ерекшелігіне сай келмейді.	
7	Деңгейлік оқулықта нені өзгертуге болады деп ойлайсыз?	1. Сандық және сапалық жағынан иллюстрацияларды өзгертсе; 2. Тапсырмаларды өзгертсе, өйткені тапсырмалар бір сарынды, қайталанып келеді; 3. Оқулықтың көлемі мен мұқабасын, дизайнын өзгертсе; 4. Оқулықтағы суреттерді өзгертсе;	
8	Деңгейлік оқулықтағы грамматикалық тапсырмалар мен мәтіндер арасында	1. Келісемін, күнделікті өмірмен байланыс бар.	

8-кестенің жалғасы		
	күнделікті өмірмен байланыс бар дегенмен келісесіз бе?	<p>2. Келіспеймін, барлық тапсырмалар мен мәтіндер күнделікті өмірмен байланыспайды.</p> <p>3. Барлығы емес, тек кейбір тапсырмалар ғана күнделікті өмірмен байланысады.</p> <p>4. Жауап беруге қиналамын.</p>

Ескерту: Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының nao.kz ресми сайтына орналастырылған On-line сауалнамаға мұғалімдер өз еріктерімен қатысып, пікірлерін білдірді.

9-кесте. Оқыту қазақ тілді емес мектептердің 1-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің деңгейлік оқулықтары бойынша ата-аналарға арналған сауалнама

№	Сауалнама сұрағы	Болжамды жауап	Жауап
1	Оқулық мазмұны сіздің балаңыздың жас ерекшеліктеріне сәйкес келе ме?	А) ия Ә) жоқ Б) жауап беруге қиналамын	
2	Сіздің балаңызға оқулықтағы тапсырмалар түсінікті ме?	А) ия Ә) жоқ Б) жауап беруге қиналамын	
3	Сізге оқулықтың сыртқы келбеті ұнай ма?	А) ия Ә) жоқ Б) жауап беруге қиналамын	
4	Сіздің балаңыз «лексикалық минимумды» қолдана ма?	А) ия Ә) жоқ Б) жауап беруге қиналамын	
5	Сіздің балаңызға оқулықта берілген үй тапсырмалары ұнай ма?	А) ия Ә) жоқ Б) жауап беруге қиналамын	
6	Сіздің балаңызда үй тапсырмасын орындауда қандай қиындықтар туындайды?	А) түсініксіз тапсырмалар Ә) қиын тапсырмалар Б) қызықсыз тапсырмалар С) менің баламда үй тапсырмасын орындауда қиындық туындамайды	
7	Сіз оқулықта нені өзгерткіңіз келеді?	А) суреттерін өзгертер едім – саны мен сапасын Ә) оқулықта анағұрлым қызықты тапсырмаларды көргім келеді Б) оқулықтың сыртқы келбеті ұнамайды С) еш өзгеріс енгізгім келмейді	
8	Тілді меңгеруде сіздің балаңызға оқулық қаншалықты көмегін тигізеді?	А) бала тілді оңай әрі тез меңгереді Ә) материал қиындықпен меңгеріледі	
9	Оқулық балаңыздың оқу уәжін арттыра ма?	А) ия Ә) жоқ	

10	Оқулық сіздің балаңыздың оқу дербестігін арттыра ма?	А) ия Ә) жоқ Б) жауап беруге қиналамын	
----	--	--	--

10-кесте. Оқыту қазақ тілді емес мектептердің 1-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің деңгейлік оқулықтары бойынша эксперименттік сыныптағы оқушыларға арналған сауалнама

№	Сауалнама сұрағы	Болжамды жауап	Жауап
1	Сіз қазақ тілі бойынша жаңа оқулықтарды пайдаланысыз ба?	Пайдаланамын Қолдаймын Ия Жоқ Сіздің жауабыңыз	
2	Сіз үшін оқулықта берілген тапсырмаларды орындау оңай ма?	Пайдаланамын Қолдаймын Ия Жоқ Сіздің жауабыңыз	
3	Осы оқулық бойынша оқуды жалғастыруға келісесіз бе?	Пайдаланамын Қолдаймын Ия Жоқ Сіздің жауабыңыз	
4	Егер сізде таңдау болса, сіз «Көкжиек - Горизонт» баспасының оқулықтарын таңдар ма едіңіз?	Пайдаланамын Қолдаймын Ия Жоқ Сіздің жауабыңыз	
5	Оқулықта берілген тапсырмаларды оңай қабылдайсыз ба?	Пайдаланамын Қолдаймын Ия Жоқ Сіздің жауабыңыз	
6	Сіз оқулықтағы грамматикалық тапсырмалар мен мәтіндердің өмірмен байланысы бар екеніне келісесіз бе?	Пайдаланамын Қолдаймын Ия Жоқ Сіздің жауабыңыз	
7	Сіз күнделікті өзара қарым қатынаста лексикалық минимумды, оқулық мәтіндерін қолданасыз ба?	Пайдаланамын Қолдаймын Ия Жоқ Сіздің жауабыңыз	
8	Сіз лексикалық, грамматикалық тақырыптар мен басқада жұмыс түрлерін оңай меңгересіз бе?	Пайдаланамын Қолдаймын Ия Жоқ Сіздің жауабыңыз	
9	Оқулықта берілген суреттер мәтіндермен, тапсырмалармен тығыз	Пайдаланамын Қолдаймын	


	байланысатына екеніне келісесіз бе?	Ия Жоқ Сіздің жауабыңыз	
10	Сізге оқулықтағы қай материал анағұрлым қызықты: - грамматика бойынша жаттығулар – түсінуге бағытталған тапсырмалар - есте жақсы сақтауға арналған оқулыққа қосымша берілген сөздер, фразалар мен сөйлемдер тізімі	Пайдаланамын Қолдаймын Ия Жоқ Сіздің жауабыңыз	
11	Оқулықтың қандай осал жақтарын байқадыңыз? - таныс емес сөздер көп - мәтін көлемдері үлкен	Пайдаланамын Қолдаймын Ия Жоқ Сіздің жауабыңыз	

3. Мониторинг қорытындысы

Мектептер туралы жалпы мәлімет

Апробациямен 41 жалпы білім беретін орта мектеп қамтылды. Оның ішінде Астана және Алматы қалаларында 5 мектептен, Шығыс Қазақстан облысында 4 мектеп, Қостанай облысы бойынша 3 мектеп, қалған Ақмола Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарынан 2 мектептен апробацияға қатысты (1-сурет).

1-сурет – Экспериментік мектептер саны



Дереккөз: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы мәліметтері

41 мектептің толық атауы, мекенжайы, телефон нөмірлерімен электрондық пошталары және апробацияға жауапты тұлғалар туралы мәліметтер жинақталды (11-кесте).

11-кесте. «Қазақ тілі» пәнінің қазақ тілінен басқа тілде оқытатын жалпы білім беру ұйымдарының 1-11-сыныптарына арналған деңгейлік оқулықтарын сынақтан өткізу жөніндегі мектептердің тізімі

№	Мектеп	Мекенжайы, электронды поштасы, байланыс телефоны	Әкімшілігі	Апробацияға жауапты
1	Ғали Орманов атындағы № 7 мектеп - гимназиясы	Астана қаласы, Бөгенбай даңғылы, 57 Sh7_astana@mail.ru байланыс тел: 501472	Айтова Жанат Тұрысбековна - директоры 8-778-580-07-00	Қазақ тілі пәні мұғалімі Конкышева Жанар Наурызбаевна 8-701-427-06-33
2	№18 орта мектеп	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Бөгенбай даңғылы, 17 18_school.astana@mail.ru	Кабылова Нурсулу Колжигитовна – директоры	Тютюнова Эльмира Раимбековна - оқу ісінің меңгерушісі тел.:8-771-374-09-24 tiutiunova82@mail.ru
3	№31 мектеп - гимназиясы	Астана қаласы, Кенесары көшесі, 49	Самсонова Ирина Константиновна –	Жүнісова Айгүл Мырзабекқызы

				11-кестенің жалғасы
		astanagimnaz31@mail.ru , 50-17-05, 50-17-07	директоры	қазақ тілі мұғалімі. тел.:8-747-542-32-22
4	№53 мектеп-лицей	Астана қаласы, Қарқабат,17 sh53ast@mail.ru байланыс тел: 50-16-79	Әбдірәсілов Қ.Ж. – директоры	Оқу ісінің меңгерушісі Темірбекова Б.А. тел.: 8-701-505-31-75
5	№63 мектеп-гимназия	Астана қаласы, Лепсі көшесі 38 astana_sh63@mail.ru	Поняева Ирина Ивановна – директоры тел.:8-702-278-10-96	Қазақ тілі пәні мұғалімі Бельгибаева Көпеш Рахметовна
6	Ораз Жандосов атындағы №105 гимназия	Алматы қаласы Абай, 54, almaty-sh105@mail.ru 392-13-11, 392-19-64	Сандықбаева Алия Тулегеновна – директоры тел.: 8-777-232-99-84	Оқу ісінің меңгерушісі Аубекерова Ұлғаным Тұрарбекқызы – тел.: 87715830263
7	№52 жалпы білім беретін мектеп	Алматы қаласы, School-52@mail.ru 2718562	Белкина Оксана Анатольевна – директор тел.:8-777-353-11-25	оқу ісінің меңгерушісі Сайдахметова Венера Турдалиевна тел.:8-777-338-38-76
8	№48 мектеп-лицейі	Алматы қаласы, Медеу ауданы, электроны поштасы	Смирнова Ирина Владимировна – директоры	оқу ісінің меңгерушісі Мукеева Б. К
9	І.Жансүгіров атындағы №130 гимназия	Алматы қаласы, Әуезов ауданы shool130@mail.ru	Смағұлова Ардақ Рахымғалиқызы – директоры	Оқу ісінің меңгерушісі – Бекешова Г.М. тел.:8-707-675-91-97
10	Б.Момышұлы атындағы №131 мектеп-лицейі	Алматы қаласы Бостандық ауданы Тел.: 262-12-92 almashool131@mail.ru	Умешбаев Колбай Нурмухамедович – директоры тел.: 262-12-92	оқу ісінің меңгерушісі Сабинова Айнур Жумагазиевна тел.: 264-13-31
11	№13 «ЭКОС» экология гимназия – мектебі	Ақмола облысы, Көкшетау қаласы ekos13@mail.ru	Винтер Елена Борисовна – директоры 8-701-439-22-26	Оқу ісінің меңгерушісі Нугманова Салтанат Бекеновна тел.: 8-702-748-12-15
12	П.И.Морозов атындағы № 3 орта мектебі	Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучиск қаласы shko3@yandex.ru 2-14-62	Алимова Қорлан Жаңалыққызы – директоры	Қазақ тілі пәні мұғалімі Оспанова Зауре Сагинтаевна тел.: 8-777-519-16-50
13	№ 26 орта мектебі	Ақтөбе қаласы Бейбітшілік даңғылы 47 а School_26_00@mail.ru 8-7132-50-73-57	Тажибаева Л.Т. – директоры	Оқу ісінің меңгерушісі Мухамбетова З.К.
14	№1Бадамша орта мектебі	Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы badam-sh1@mail.ru	Кужакова Найля Сарсенғалиевна – директоры	қазақ тілі пәні бірлестігінің жетекшісі Шаметова Рита Кубайдуллиновна
15	В.Терешкова атындағы орта мектеп	Алматы облысы Енбекшіқазақ ауданы 8703123456789@mail.ru	Джарикбасова Алия Солтанбаевна – директоры тел.: 8-778-447-48-68	Оқу ісінің меңгерушісі Саменова Анар Болатовна – тел.:8-775-891-09-08
16	Жамбыл атындағы орта мектеп	Алматы облысы Жаркент қаласы, Сыпатаев көшесі №240 Aysaev48@mail.ru 9-20-32, 9-22-39	Айсаев Р.С. - директоры тел.:87025883420	Оқу ісінің меңгерушісі. Муфтахинова Г.С тел.: 87013354249
17	Ораз Сарғұнанов атындағы орта мектебі	Атырау облысы, Мақат ауданы Мұнайшылар шағын ауд.	Сейлханова Гульнар Сапиевна – директор тел.: 8-701 606 79 94	Қазақ тілі бірлестік жетекшісі Құрбанбаева Салтанат

				11-кестенің жалғасы
		sargunanova@bk.ru 8-71235-2-32-67		Нұргалиевна
18	М.В. Ломоносов атындағы жалпы орта мектебі	Атырау облысы Құрманғазы ауданы Х. Испулаев көшесі – 56 2-15 – 11,2–10– 67 Lomonosova_sh@mail.ru	Тулегенов Касым Кажигалиевич - директоры тел.: 8-701-606-79-94 оқу ісінің меңгерушісі	Инновация жөніндегі директор орынбасары – Тлеугалиева Мукарама Газимовна тел.:8-702-285-67-76
19	№7 жалпы білім беретін мектеп	Орал қаласы, Ықсанов көшесі 111. Shkolav7s@mail.ru 51-36-55, 50-60-03	Протасов Виктор Алексеевич – директоры тел.:50-60-03	Қазақ тілі пәні мұғалімі Конқышева Жанар Наурызбаевна тел.:8-701-427-06-33
20	Дарынды балаларға арналған №8 облыстық мектеп	Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы, Жезқазған қ, №1 Zko Uralsk Sh 8@mail.ru 23 - 88 - 13, 23 - 90 - 20.	Г.В. Бекетова – директоры	оқу ісінің меңгерушісі Каиржанова Алия Зулкарнаевна тел.: 8-708-116-65-26
21	Ғ.Мұратбаев атындағы мектеп-гимназиясы	Жамбыл облысы Байзақ ауданы Қосы батыр көшесі 47 sh- g.gany.muratbaev@mail.ru . 8(726-37)2-19-37	Жаманова Гүлпаш Рамазановна - директоры тел.8-707-422-36-68 8-702-674-71-82.	Искакова Найля Рустеновна тел. 8-707-274-18-26 8-705-117-42-85
22	№ 40 гимназиясы	Тараз қаласы, «Талас» мөлтек ауданы gimnazia40@mail.ru 8(7262) 54-15-25, 54-15-35.	Гибнер Александр Абрамович – директоры тел.: 8 (7262) 54-15-25	Оқу ісінің меңгерушісі – Кенжетәева Гүлнәр Махажанқызы тел.: 8-775-747-75-65 kenzhetaeva.73@mail.ru
23	Осакаровка кентінің №9 гимназиясы базасындағы тірек мектебі	Қарағанды облысы, Осакаровка ауданы osak-gim9@mail.ru байланыс тел: 8-721-49-43063	Ревякина Наталья Владимировна – директоры тел.: 8-721-49-43016 8-701-376-84-78	Директордың орынбасары Жиренбай Руслан Жауғашқанұлы 8-701-383-18-84
24	№38 мектеп – гимназиясы	Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров даңғылы, 30А үй; sch38@kargoo.kz ; 8-(7212)-566-649	Мисюрин Наталья Михайловна - директоры	Саттыбаева Гулбагира Балхашевна, тел.:8-701-658-00-65
25	№ 198 орта мектебі	Қызылорда қаласы anara_sch198@mail.ru 23-92-87	Садыкбекова Анжела Акмурзаевна – директор	Оқу ісінің меңгерушісі- Турумбетова А.И тел.:8-705-319-68-52
26	Н.К.Крупская атындағы №14 мектеп-лицейі	Қызылорда облысы, Арал қаласы, Әбілқайыр хан көшесі №36-үй edu14kzaral_66@mail.ru 8-7243-322-134,	Бекеева Шара Алмашовна- директоры- тел.: 8-7243-32-40-05, +7-702-158-63-45	оқу ісінің меңгерушісі Сарсенбаева Елена Ербахитовна – тел.:8-7243-32-21-34, +7-702-827-97-11
27	№7 орта мектебі	Қостанай қаласы,9-9 А sch7@kst-goo.kz Байланыс тел: 8-714-5-22-23-18	Шугаева Бакыт Кадирхановна – директоры 8-714-2-22-23-18	оқу ісінің меңгерушісі Нургалиева Алмагүль Жаиковна 8-714-2-22-07-63
28	А.М. Горький атындағы гимназиясы	Қостанай қаласы Баймағамбетова, 154 gimm@kst-goo.kz 50-29-45	Шушпанова Ирина Валерьевна – директоры	Қазақ тілі пәні мұғалімі Байғожина Гүлсім Армашевна тел.:8-775-126-35-77
29	Троебрат орта мектебі	Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы,	Калыкова Ултуған Султанбековна –	оқу ісінің меңгерушісі Мусина Алия


				11-кестенің жалғасы
		trb-2007@mail.ru байланыс тел:99-2-72	директоры	Тулегеновна – тел.: 99-3-61
30	№14 орта мектебі	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 26 шағын аудан. dirshkola14@mail.ru	Мендығалиева Людмила Идаятовна – директоры тел.: 8-701-607-44	Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Акімова Ақгул Алигуловна Тел.:8-701-170-20-05
31	№3 орта мектебі	Маңғыстау облысы,Жаңаөзен қаласы «Шаңырақ» шағын аудан. gu_skola3@mail.ru	Нурсағитова Кульшат Искаковна, тел.:8-775-423-43-56	Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Тлеубергенова Канслу Тел.:8-778-466-96-85
32	№24 жалпы орта білім беру мектебі	Павлодар қаласы, Кутузов көшесі 190 schola24@mail.ru 8-7182-60-42-68	Нұргүл Шампатқызы Рахимғожина – директоры тел.:8-771-427-47-93	Оқу ісінің меңгерушісі - Раушан Қабиденқызы Қасымқанова тел.: 8-771-066-30-11
33	№1 жалпы орта білім беру мектебі	Павлодар облысы, Успен ауданы Uspenka-sh1@mail.ru 8-71834-911-71	Жакупова Каным Жилкайдаровна – директоры тел.:8 705 204 57 97	Оқу ісінің меңгерушісі – Жандосова Гулмира Зайдоллаевна тел.:87054055669
34	Имантау орта мектебі	Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы imantau.sh@mail.ru		Қазақ тілі мұғалімі Нұрсейтов Досжан Жандарбекұлы
35	№26 балабақша - мектеп	Петропавл қаласы 87152512610 school26kz@sko.kz		Қазақ тілі мұғалімі Құдабаева Алма Ғалымқызы
36	А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназия	Шымкент қаласы sch1pushkina@bk.ru 21-28-52	Абильдаева Гульназ Сайлауовна – директоры	Ержанова Гульфайраз Дауренбековна тел.: 8-702-255-63-76
37	Ю.А.Гагарин атындағы №16 мектеп-лицей	Кентау қаласы Панфилов көшесі №50 School16@mail.ru 3-24-45	Сахапова Нейля Мерлиновна – директоры тел.: 8-705-862-94-67	Короткова Светлана Федеровна- тел.:8-701-681-92-12
38	№6 мектеп-гимназиясы	Семей қаласы Интернационал көшесі, Semey_sh6@mail.ru 8-7222-52-18-82	Ахметова Майра Габасовна – директоры тел.:8-777-07-82-82	оқу ісінің меңгерушісі Тампишева Айжан Слямхановна тел.:8-777-296-68-73
39	№7 мектеп-лицейі	Семей қаласы байланыс тел: 8 (72 22)-30-70-81	Е.С.Искаков – директоры	оқу ісінің меңгерушісі С.С.Аманжолова тел.: 8-747-996-95-50
40	№24 орта мектебі	Өскемен қаласы school24@edu.oskemen.kz 8-(72-32)- 60-21-04	Букина Нина Николаевна – директоры тел.: 8-(7232)- 60-21-04	Қазақ тілі пәнімұғалімі Закарьянова Айнур Кызырбековна тел.: 8-777-633-07-60
41	Ы. Алтынсарин атындағы Глубокое орта мектебі	Глубокое кенті, Попович көшесі, 34а, 8(7232)-2-22-86 8(7232)- 2-12-64 clubokoealtin2012@ya.ru	Абильмажинова Гульмира Мамырбековна – директоры тел.:8(7232)- 2-12-64,	Оқу ісінің меңгерушісі Куланбаева Зауре Рахмановна, zaure.kulanbaeva@mail.ru

Экспериментке қатысушы сыныптар және оқушылар контингенті туралы

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларындағы апробация өткізіліп жатқан мектептер бойынша 453 сынып қамтылды, 453 сыныпта - 11 146 оқушы

білім алуда. Оның ішінде, 1-4-сыныптарда – 4 500 (2-сурет), 5-9-сыныптарда – 5013 (3-сурет) және 10-11-сыныптарда – 1 633 оқушы (4-сурет).


2-сурет. 1-4-сынып оқушыларының саны



Дереккөз: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы мәліметтері


Астана мен Алматы қалаларында және Қостанай, Шығыс Қазақстан облыстарындағы 1-4-сынып оқушыларының саны басқа мектеп оқушыларының санынан басым екені анықталды. Ал, сыныптағы оқушылар санының орташа есеппен алғанда 22-ден аспауына байланысты Атырау, Солтүстік Қазақстан облыстарында бұл көрсеткіш төмен.

3-сурет – 5-9-сынып оқушыларының саны



Дереккөз: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы мәліметтері

Егер 5-9-сынып оқушыларының санын алатын болсақ, алдыңғы қатарда Алматы, Астана қалалары мен Шығыс Қазақстан, Қостанай облыстары, ал, оқушылар саны аз қамтылған Атырау облысы. Себебі бұл облыста әр сыныптағы оқушылар саны орташа есеппен алғанда 17-ден аспайды.



Дереккөз: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы мәліметтері

10-11-сынып оқушыларының санына келер болсақ, Алматы, Астана қалалары мен Шығыс Қазақстан, Қостанай облыстарында оқушы саны басым, керісінше, ең аз оқушылар қамтылған Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Атырау, Алматы облыстары. Бұл облыстардағы әр сыныптағы оқушы саны орташа есеппен 15-тен аспайды.

Жалпы алғанда, барлық деңгейлер бойынша оқушылары ең көп Алматы, Астана қалалары мен Шығыс Қазақстан, Қостанай облыстары, себебі ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша мектеп сандары көп берілген. Ал, оқушылары ең аз Атырау облысы болып саналады.

Эксперименттік сыныптарда жұмыс істейтін мұғалімдер туралы


41 мектеп бойынша эксперименттік сыныптарда 428 мұғалім жұмыс істейді:

- 1-4-сыныптарда – 58;
- 5-9-сыныптарда – 190;
- 10-11-сыныптарда - 80 мұғалім.

Бастауыш сыныптардағы мұғалімдер санын талдау, ең аз мұғалімдер саны Солтүстік Қазақстан облысына тиесілі екенін көрсетті.

Алынған мәліметтер негізіне сүйенетін болсақ, бұл облыста 2 мектепте 2 мұғалімнен, ал басқа облыс мектептерінде кем дегенде 3 мұғалім (5-сурет).


5-сурет – 1-4-сынып мұғалімдерінің саны



Дереккөз: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы мәліметтері

Орта буынға сабақ беретін мұғалімдердің санына келсек, ең аз мұғалімдер саны Атырау, Солтүстік Қазақстан облыстарында. Әр мектепте тек 2 мұғалімнен. Қалған мектептерде кем дегенде 3 мұғалімнен (6-сурет).


6-сурет – 5-9-сынып мұғалімдерінің саны



Дереккөз: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы мәліметтері

Жоғары сыныптарды алатын болсақ ең аз мұғаліммен қамтылған Атырау, Солтүстік Қазақстан облыстары. Осы облыстарда бір мектепте 1 мұғалімнен. Себебі бұл мектептерде оқушылар санының аздығына байланысты сыныптар топқа бөлінбейді (7-сурет).

7-сурет – 10-11-сынып мұғалімдерінің саны



Дереккөз: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы мәліметтері

Қорытындылай келе, барлық буындар бойынша сабақ беретін мұғалімдер Атырау, Солтүстік Қазақстан облыстарында аз қамтылған. Бұндай мұғалімдер санының аздық көрсеткіштері экспериментті объективті қорытынды жасауға кедергі жасауы мүмкін.

Мұғалімдердің сапалық құрамы бойынша:

- 164-і – жоғары санатты;
- 141-і – I санатты;
- 94-і – II санатты;
- 29 мұғалімнің санаты жоқ. Санаты жоқ мұғалімдердің басым бөлігі Жамбыл, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарында (12-кесте).

12-кесте. Эксперимент сыныптардағы мұғалімдер туралы мәлімет

Облыс/қала	Мұғалімдер саны	Біліктілік санаты			
		Жоғары (%)	I (%)	II (%)	Санаты жоқ
Ақмола	17	4	7	5	1
Алматы	25	5	14	6	-
Ақтөбе	17	4	3	9	1
Атырау	12	1	7	2	2
Жамбыл	18	7	7	1	3
Батыс Қазақстан	25	7	7	8	3
Қарағанды	18	9	4	5	-
Қостанай	31	13	9	9	-
Қызылорда	26	3	7	8	8
Маңғыстау	17	4	8	3	2
Оңтүстік Қазақстан	31	18	6	5	2

12-кестенің жалғасы					
Павлодар	16	6	7	3	-
Солтүстік Қазақстан	10	2	5	2	1
Шығыс Қазақстан	49	25	12	4	4
Алматы қ.	56	31	16	8	1
Астана қ.	60	25	22	13	-
Барлығы:	428	164	141	94	29

Дереккөзі: Облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының мәліметтері.


Эксперименттік сыныптарда жұмыс істейтін мұғалімдердің сапалық құрамын талдау барысында Алматы, Астана қалалары мен Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарында эксперименттік сыныптарда біліктілік санаты жоғары мұғалімдердің жұмыс атқаратыны байқалды.

Мониторингтік зерттеу жұмыстарының қорытындысы.

Оқыту қазақ тілді емес мектептердің 1-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің деңгейлік оқулықтары мен ОӘК-терін апробациядан өткізуге байланысты ағымдағы оқу жылының тоқсандық, жылдық және қорытынды бақылау жұмыстарының (оқулық авторларының жіберген) нәтижелеріне талдау жасалды, білім беру нәтижелері сапасын анықтауға бағытталған мониторингтік зерттеу жұмыстары жүргізілді.

I тоқсанның қорытындысы. 2-11-сынып оқушыларының қазақ тілі пәнінен I тоқсан бойынша білім сапасына салыстырмалы талдаудың нәтижесі: тоқсандық қорытындысы шығарылған оқушылар саны - 9426, қатысқан сыныптар саны 449 болды.

8-сурет. 2-11-сынып оқушыларының қазақ тілі пәні бойынша I тоқсандағы білім сапасы мен үлгерімі



Дереккөзі БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының мәліметі


I тоқсан бойынша орташа білім сапасы - 70%, үлгерімі - 99,6%-ды құрады. «5» және «4» бағаларының саны 6601 болды, «қанағаттанарлықсыз» баға саны-16.

I тоқсанда оқушылардың білім сапасының ең жоғары көрсеткіші Қызылорда, Қарағанды, Батыс Қазақстан облыстарында байқалды (тиісінше, 81, 86, 88%). Ал орташа білім сапасынан ең төмен көрсеткіші *Павлодар облысы (53%) көрсетті.*

Орта деңгейден жоғары білім сапасын көрсеткен облыстар қатарына Алматы қаласы, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан облыстарын жатқызуға болады.

II тоқсанның қорытындысы. 2-11 сынып оқушыларының қазақ тілі пәнінен II тоқсан бойынша білім сапасына салыстырмалы талдаудың қорытындысы: білім сапасы -71,3%, үлгерімі-99,9% болды. Зерттеу мониторингі бойынша II тоқсанда білім сапасы мен үлгерім сәл де болса көтерілгенін байқатты (*білім сапасы -1,3%-ға, үлгерім 0,3%*). Тоқсандық баға барлығы 10 099 оқушыға шығарылды. Ең жоғарғы білім сапасы және ең төменгі білім сапасы көрсеткіштер арасындағы айырмашылық – 31,8% құрады (9-сурет).

9-сурет. 2-11 сынып оқушыларының қазақ тілі пәні бойынша II тоқсандағы білім сапасы мен үлгерімі



Дереккөзі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының мәліметтері

I тоқсанда «5» және «4» бағаларының саны 6601 болса, II тоқсанда 7208 құрап, 607-ге көбейген. Ал, «қанағаттанарлықсыз» баға саны I тоқсанда 16 болса, II тоқсанда 2-ге дейін азайған, яғни «2»-лік бағасының саны 14-ке дейін кеміген.

II тоқсанда Ақмола облысынан (99,5%) басқа облыстардың барлығы 100%-ды көрсетті. Орташа білім сапасынан ең төменгі көрсеткіші *Қостанай облысы 44,7%, Қызылорда облысы 44,7%* -ды көрсетті. Орта деңгейден жоғары білім сапасын көрсеткен облыстар қатарына Алматы қаласы, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан облыстарын жатқызуға болады.

III тоқсанның қорытындысы. 1-11-сынып оқушыларының қазақ тілі пәнінен тоқсан бойынша білім сапасына салыстырмалы талдаудың нәтижесі: тоқсандық қорытындысы шығарылған оқушылар саны осы тоқсанда – 10870, қатысқан сыныптар саны 449 болды.

III тоқсан бойынша орташа білім сапасы -75,5%, үлгерімі - 99,9% болды. II тоқсанға қарағанда III тоқсандағы «5» және «4» бағаларының саны - 8213 болды, I-II тоқсанға қарағанда III тоқсандағы «5» және «4» бағаларының саны 1610 бағаға өсті. III тоқсанда «қанағаттанарлықсыз» баға саны-4, II тоқсанға қарағанда «қанағаттанарлықсыз» баға саны 12-ге кеміген (13-кесте).

13-кесте. 1-11 сынып оқушыларының қазақ тілі пәні бойынша III тоқсандағы білім сапасы мен үлгерімі

Облыстар	Сынып саны	Барлық оқушы	Қатысқан оқушылар саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Сапа %	Үлгерім %
Астана қ.	55	1506	1506	439	728	339		77,4	100
Алматы қ.	54	1536	1534	541	622	370	1	75,8	99,9
Ақмола	22	496	496	135	219	142		71	100
Ақтөбе	22	486	486	136	203	147		69	100
Алматы	22	543	543	164	223	156		71,2	100
Атырау	22	393	393	163	154	76		80	100
Батыс Қазақстан	22	515	515	190	251	74		85	100
Жамбыл	22	515	515	141	255	117	2	76	99,6
Қарағанды	22	495	495	191	235	69		86	100
Қызылорда	21	569	567	276	188	103		81	100
Қостанай	33	776	720	265	254	201		72	100
Маңғыстау	22	518	518	203	207	108		79	100
Павлодар	22	501	501	104	195	202		60	100
Солтүстік Қазақстан	22	430	430	112	190	127	1	70	97,7
Оңтүстік Қазақстан	22	640	640	197	280	163		74	100
Шығыс Қазақстан	44	1011	1011	270	482	259		74	100
Барлығы	449	10930	10870	3527	4686	2653	4	75,5	99,9

Дереккөзі: Облыстардың, Астана, Алматы қалалары білім басқармаларынан алынған мәлімет

Талдау бойынша I-II тоқсанға қарағанда III тоқсанда білім сапасы мен үлгерім көтерілгені байқалды (білім сапасы - 5,5%-ға, үлгерім 0,3%). Ең жоғарғы және ең төменгі білім сапасы көрсеткіштер арасындағы айырмашылық – 26% болды.

III тоқсанда оқушылардың білім сапасының ең жоғары көрсеткіші Қарағанды, Батыс Қазақстан облыстарына тиесілі болды (тиісінше, 86, 85%). I-II тоқсандағы ең жоғары көрсеткіш 88% болған еді. (Қызылорда облысында) Ал III тоқсанда орташа білім сапасының ең төмен көрсеткішін Павлодар

облысы (60%) көрсетті. (I-II тоқсан бойынша да ең төмен көрсеткішті Павлодар облысы (53%) көрсеткен болатын.

III тоқсанда орта деңгейден жоғары білім сапасын көрсеткен облыстар қатарына Астана(77,4%), Алматы(75,8%) қалалары, Атырау(80%), Батыс Қазақстан(85%), Жамбыл(76%), Қарағанды(86%), Қызылорда(81%), Маңғыстау(79%) облыстарын жатқызуға болады.

IV тоқсанның қорытындысы. 1-11-сынып оқушыларының қазақ тілі пәнінен тоқсан бойынша білім сапасына салыстырмалы талдаудың нәтижесі: тоқсандық қорытындысы шығарылған оқушылар саны осы тоқсанда – 10921, қатысқан сыныптар саны 449 болды (4-кесте).

Орташа білім сапасы -76% үлгерімі-99,9% (білім сапасы-0,5% өскен) болды. «5» және «4» бағаларының саны – 8310 болды, III тоқсанға қарағанда IV тоқсандағы «5» және «4» бағаларының саны 97 бағаға өсті. IV тоқсанда «қанағаттанарлықсыз» баға саны-1, III тоқсанға қарағанда «қанағаттанарлықсыз» баға саны 3–ке кеміген.


14-кесте. 1-11 сынып оқушыларының қазақ тілі пәні бойынша IV тоқсандағы білім сапасы мен үлгерімі

Облыстар	Сынып саны	Барлық оқушы	Қатысқан оқушылар саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Сапа %	Үлгерім %
Астан қ.	55	1503	1503	462	714	327		78	100
Алмат қ.	54	1575	1575	600	641	333	1	76,7	99,9
Ақмола	22	496	496	144	212	140		71,7	100
Ақтөбе	22	487	487	141	209	137		71,8	100
Алматы	22	549	549	184	208	157		71,4	100
Атырау	22	393	393	164	154	75		80,9	100
Батыс Қазақстан	22	517	517	212	225	80		84,5	100
Жамбыл	22	464	464	134	205	125		73	100
Қарағанды	22	495	495	201	223	71		85,6	100
Қызылорда	21	560	560	272	196	92		83,5	100
Қостанай	33	773	773	199	324	250		67,6	100
Маңғыстау	22	517	517	198	212	107		79,3	100
Павлодар	22	502	502	108	201	193		61,5	100
Солтүстік Қазақстан	22	429	429	115	185	129		70	100
Оңтүстік Қазақстан	22	640	640	204	284	152		76	100
Шығыс Қазақстан	44	1021	1021	285	494	242		76,2	100
Барлығы	449	10921	10921	3623	4687	2610	1	76	99,9

Дереккөзі Облыстардың, Астана, Алматы қалалары білім басқармаларынан алынған мәлімет

Талдау бойынша III тоқсанға қарағанда IV тоқсанда білім сапасы көтерілгенін байқалды (білім сапасы - 0,5%). Ең жоғарғы және ең төменгі білім сапасы көрсеткіштері арасындағы айырмашылық – 24,1% болды (10-сурет).

10-сурет-1-11 сынып оқушыларының қазақ тілі пәні бойынша IV тоқсандағы білім сапасы мен үлгерімі



Дереккөзі: Облыстардың, Астана, Алматы қалалары білім басқармаларының мәліметі.

Оқушылардың білім сапасының ең жоғары көрсеткіші Қарағанды облысында болды (тиісінше 85,6%). Ал IV тоқсанда орташа білім сапасының ең төмен көрсеткішін Павлодар облысы (61,5%) көрсетті. (III тоқсан бойынша да ең төмен көрсеткішті Павлодар облысы (61%) көрсеткен болатын).

IV тоқсанда орта деңгейден жоғары білім сапасын көрсеткен облыстар қатарына Астана(78%), Алматы(76,7%) қалалары, Атырау(80,9%), Батыс Қазақстан(84,5%), Шығыс Қазақстан(76,2%), Қарағанды(86%), Қызылорда(83,5%), Маңғыстау(79,3%), Оңтүстік Қазақстан(76%) облыстарын жатқызуға болады.

Жылдық қорытынды

1-11-сынып оқушыларының білім сапасына салыстырмалы талдаудың нәтижесі: жылдық қорытындысы шығарылған оқушылар саны– 11477, қатысқан сыныптар саны 449 болды (15-кесте).

15-кесте. 1-11 сынып оқушыларының қазақ тілі пәні бойынша жылдық қорытындысының білім сапасы мен үлгерімі

Облыстар	Сынып саны	Барлық оқушы	Қатысқан оқушылар саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Сапа %	Үлгерім %
Астана қ.	55	1503	1503	459	730	314		78	100
Алматы қ.	54	1575	1575	600	641	334			
Ақмола	22	496	496	144	212	140		71,7	100
Ақтөбе	22	487	487	139	208	140		71,8	100
Алматы	22	550	550	175	226	149		71,4	100
Атырау	22	393	393	165	154	74		80,9	100


15-кестенің жалғасы									
Батыс Қазақстан	22	517	517	212	225	80		84,5	100
Жамбыл	22	515	515	138	246	130	1	73	99,6
Қарағанды	22	495	495	201	230	64		87	100
Қызылорда	21	560	560	262	206	92		83,5	100
Қостанай	33	776	776	195	327	255		67,6	100
Маңғыстау	22	1015	1015	385	398	232		77	100
Павлодар	22	505	505	108	201	196		61,5	100
Солтүстік Қазақстан	22	429	429	115	185	128		70	100
Оңтүстік Қазақстан	22	640	640	225	290	125		76	100
Шығыс Қазақстан	44	1021	1021	286	493	242		76,2	100
<i>Барлығы</i>	449	11477	11477	3809	4972	2695	1	76,5	99,9

Дереккөзі: Облыстардың, Астана, Алматы қалалары білім басқармаларының мәліметі

Жылдық қорытынды бойынша орташа білім сапасы -76,2% үлгерімі-99,9% (білім сапасы-0,2% өскен) құрады. Жылдық қорытынды бойынша «5» және «4» бағаларының саны – 8781 болды. Жылдық қорытындыда «қанағаттанарлықсыз» баға саны-1 (Жамбыл облысы, Тараз қаласындағы, №40 мектеп-гимназия)

Талдау бойынша IV тоқсанға қарағанда жылдық қорытындыдағы білім сапасы **0,5%-ға** көтерілгенін байқатты. Ең жоғарғы білім сапасы және ең төменгі білім сапасы көрсеткіштер арасындағы айырмашылық – 24,1% болды (11-сурет).

11-сурет. 1-11-сынып оқушыларының қазақ тілі пәні бойынша жылдық қорытындысының білім сапасы мен үлгерім



Дереккөзі: Облыстардың, Астана, Алматы қалалары білім басқармаларының мәліметі

Жылдық қорытындыда оқушылардың білім сапасының ең жоғары көрсеткіші Қарағанды облысына тиесілі болды (87%). IV тоқсандағы ең жоғары

көрсеткіш 85,6% болған еді. (Қарағанды облысында).

Жылдық қорытындыда орта деңгейден жоғары білім сапасын көрсеткен облыстар қатарына Астана(78%), Алматы(76,7%) қалалары, Атырау(80,9%), Батыс Қазақстан(84,5%), Шығыс Қазақстан(76,2%), Қарағанды(87%), Қызылорда(83,5%), Маңғыстау(77%), Оңтүстік Қазақстан(76%) облыстарын жатқызуға болады.

ОЖСБ (Оқу жетістіктерін сырттай бағалау) қорытындысы. 9-сынып

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 24 наурыздағы № 212 бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарында оқу жетістіктерін сырттай бағалау 2016 жылғы 4-22 сәуірде өткізілді.

Эксперименттік мектептердің арасынан 4 мектеп: Алматы облысы Панфилов ауданының Жамбыл атындағы ОМ, Ақтөбе қаласындағы №26 орта мектеп, Петропавл қаласындағы № 26 мектеп-балабақша, Астана қаласындағы № 63 орта мектеп ОЖСБ рәсімне қатысты (16 - кесте).

16-кесте. Пәндер бойынша ОЖСБ қорытындылары.

	Алматы облысы, Панфилов ауданы, Жамбыл атындағы ОМ коммуналдық мемлекеттік мекемесі			Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., №26 орта мектеп			Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қ., № 26 мектеп - балабақша КММ			Астана қаласы, №63 орта мектеп ММ		
	барл	қаз	орыс	барл	қаз	орыс	барл	қаз	орыс	барл	қаз	орыс
Қатысшылар	88	26	62	110	0	110	30	0	30	125	72	53
Жалпы орташа балл	23,69	25,77	22,82	24,74	0,00	24,74	28,87	0,00	28,87	56,08	56,06	56,11
<i>Пәндер бойынша:</i>												
Қазақ тілі		10,35	9,29		0,00	8,55		0,00	11,13		16,07	16,64
Алгебра	15,40	16,00	14,50	15,75	0,00	15,75	11,00	0,00	11,00	34,00	34,50	32,50
Қазақстан тарихы	13,78	13,00	14,00	18,82	0,00	18,82	0,00	0,00	0,00	42,64	40,86	45,75
Дүниежүзі тарихы	11,33	10,33	12,33	15,44	0,00	15,44	13,60	0,00	13,60	43,58	43,43	43,80
Химия	12,70	11,67	13,14	11,64	0,00	11,64	23,50	0,00	23,50	44,78	43,60	46,25
Физика	10,00	13,00	9,63	11,75	0,00	11,75	18,00	0,00	18,00	30,36	32,75	27,17
География	15,42	16,00	15,13	20,07	0,00	20,07	17,67	0,00	17,67	41,82	40,20	44,14
Ағылшын тілі	12,36	16,00	10,29	19,31	0,00	19,31	16,50	0,00	16,50	47,00	47,14	46,67
Биология	15,50	0,00	15,50	0,00	0,00	0,00	18,17	0,00	18,17	30,69	30,38	31,00
Қазақ әдебиеті		18,00	11,75		0,00	0,00		0,00	25,00		42,71	42,17
Орыс тілі		21,00	17,75		0,00	0,00		0,00	19,00		46,86	40,88

Авторлар тарапынан дайындалған қорытынды бақылау жұмыстарының қорытындылары

№1 бақылау жұмыстарының қорытындысы

Оқушылар оқулық авторларының жіберген бақылау жұмыстары бойынша жазба жұмыстарын орындады. Жазба жұмысын орындауға барлығы І тоқсанда-

8964 оқушы қатысты. Бақылау жұмыстарының I тоқсандағы орташа білім сапасы - **67%**, үлгерімі- **96,6%** болды.

I тоқсан бойынша алынған бақылау жұмыстары бойынша ең жоғарғы көрсеткішті Қызылорда облысы (80%) көрсетті. Білім сапасы орташа көрсеткіштен жоғары көрсеткіш Алматы қаласы (69%), Ақмола (68%), Атырау(79%), Батыс Қазақстан облысы (71%), Қарағанды (76%), Жамбыл (72%), Маңғыстау(71%), Оңтүстік Қазақстан (68 %) облыстарында тіркелді.

